

**Ресми рецензент Майлыбаева Гульмира Сабырвнаның
6D010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша
(PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған Жапанова Риза
Набиевнаның «Бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты
дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы
диссертациясы туралы жазбаша пікірі**

р /п №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	6D010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған Жапанова Риза Набиевнаның «Бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына, <i>мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.</i> Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының өкіметі «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамуының кешенді стратегиялық жоспары», Қазақстан Республикасындағы «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасында білім беру мекемелерінде тәрбие берудің кешенді бағдарламасы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №945 қаулысымен қабылданған «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы» аясында орындалған, себебі оның мазмұнында «Білім алушылар мен тәрбиеленушілер өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға міндетті» деп көрсетілген. Ал осы Заңның негізгі міндеттерінің бірі ол: «Жеке адамның психармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін

			калыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп анықталған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады , себебі қазіргі заманда адам өзін толыққанды білімді тұлға ретінде қарастыруы үшін, ең алдымен, салауатты өмір салтын ұстанып, денсаулық мәдениетін меңгеруі қажет. Бұл – тек жеке адамның байлығы ғана емес, сондай-ақ еліміздің дамыған мемлекеттің қатарына енуіне ықпал ететін негізгі алғышарттардың бірі болып табылады. Осы тұрғыда оның маңыздылығы ашылған , өйткені адам денсаулығын қалыптастыру және нығайту – медицинаның ғана міндеті емес, қазіргі нарықтық қатынастар жағдайында барлық қоғамды жалпы алғанда, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстан жағдайында білім және табиғат пен адамның терең мәнін, оның психикалық және рухани жағдайын түсіну арқылы ғана шешімін табатын оқыту мен тәрбие жүйесінің де міндеті болып табылады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс өзінің дербестігімен, ғылыми жаңалығымен, теориялық тереңдігімен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Өйткені өзі жазу деңгейі жоғары , яғни зерттеудің жетекші идеясы, ол бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру – ғылыми жағынан ұйымдастырылған және мақсатты үдеріс, тұлғалық қалыптасудың жалпы жүйесінің маңызды құрамды бөлігі деп негізделген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Жапанова Риза Набиевна диссертациялық жұмысы өзекті болып табылады. Өйткені зерттеу жұмысын жап-жақты әрі терең негіздей алған , оның дәлелі – бастауыш мектеп білім алушыларында салауатты өмір салтын тәрбиелеу мен қалыптастырудың маңыздылығы.

	<p>казіргі заманы тәжірибелік қажеттіліктер және қоғамның әлеуметтік сұраныстары ескеріле отырып, бастауыш сынып мұғалімдерінің осы саладағы теориялық және практикалық дайындығы арасындағы сәйкессіздіктерді шешу жолдарын іздеу зерттеу мәселесі ретінде қарастырылған.</p>
<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.</p>	<p>Диссертация мазмұны талданған тақырыптың мазмұнын толық ашып көрсетеді. Зерттеу құрылымы ғылыми талаптарға сай құрастырылған және логикалық бірізділікпен орындалған. Диссертация анықтамалар тізімінен, кіріспеден, екі негізгі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен мен қосымшалардан тұрады.</p> <p>Кіріспе бөлімінде автор зерттеу жұмысының өзектілігін негізден, мақсаты мен міндеттерін, зерттеу пәні мен нысанын, теориялық және әдіснамалық негіздерін нақты көрсеткен.</p> <p>Бірінші тарауда бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың мәндік сипаты, педагогикалық шарттары мазмұны ашылып, бастауыш мектептің тұтас педагогикалық үдерісінде білім алушылардың салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруды модельдеудің теориялық негіздері талданған.</p> <p>Екінші тарауда бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру жүйесі, әдістемесі, тәжірибелік жұмыстар ұйымдастырылу барысы барысы мен нәтижелері талданып, ғылыми дәлелденген.</p> <p>Қорытынды бөлімде автор зерттеу барысында алынған негізгі нәтижелер мен тұжырымдарды жүйеленіп, Осы ретте, диссертациялық жұмыстың ғылыми және практикалық мәні айқындалғандығын дәлелдейді.</p>

<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1)сәйкес келеді; 2)ішінара сәйкес келеді; 3)сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен қойылған міндеттері зерттеу тақырыбының мазмұнына толықтай <i>сәйкес келеді. Оның дәлелі</i> зерттеудің мақсаты мен бөлжамына, сондай-ақ белгіленген зерттеу нысаны мен пәніне сәйкес келесі зерттеу міндеттері келесі ретте дәлелденген: 1. Бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдылары қалыптаеуының педагогикалық мәнін ашу және «өмір салты», «денсаулық» ұғымдарының мәнін нақтылау мен «бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру» ұғымының авторлық анықтамасы берілген. 2. Бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде білім алушылардың салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары жасалған. 3. Бастауыш мектеп жасындағы білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру үдерісінің өлшемдері мен көрсеткіштері анықталып, моделі құрастырылған. 4. Бастауыш мектептің тұтаc педагогикалық үдерісінде білім алушылардың салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру әдістемесі әзірленіп, тәжірибе-эксперимент барысында тиімділігі тексерілген.</p>
<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1)толық байланысқан; 2)ішінара байланысқан; 3)байланыс жоқ.</p>	<p><i>Толық байланысқан</i>, нақты айтатын болсақ диссертацияның барлық бөлімдері бір-бірімен байланысты және оны жазу барысында ішкі бірлігі сақталған. Диссертациялық жұмыс тақырыптың өзектілігін, оның зерттелу деңгейі мен жағдайын, зерттеу мақсаты мен міндеттерін анықтаудан басталып, зерттеу нәтижелері мен тұжырымдары негізделіп, бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын тиімді қалыптастыру мақсатында ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген.</p>
<p>4.5 Автор ұсынған жаңа</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдерде</p>

		<p>шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрышпап белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1)сыни талдау бар;</p> <p>2)талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3)талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4)талдау жоқ.</p>	<p><i>сыни талдау бар</i>, бұл үдерісті жүзеге асыру барысында білім алушылардың жасына және дебес ерекшеліктеріне жеткілікті мән берілмеуі, қарастырылған мәселелердің маңыздылығы мен бұл саланың дербес ғылыми зерттеу пәні ретінде толық ашылауы анықталған. Соның негізінде, автор зерттеу мақсатын «бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруды ғылыми тұрғыдан негіздеу және әдістемесін әзірлеу» деп қойған.</p>
5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1)толығымен жаңа;</p> <p>2)ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3)жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Толығымен жаңа. Атап айтсақ: Бірінші ғылыми нәтиже жаңа, яғни диссертант өз зерттеуінде, бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың тұжырымдамасының теориялық талдауы негізінде «өмір салты», «денсаулық» ұғымдарын мәнін нақтылаған, соның нәтижесінде «бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру» ұғымының авторлық анықтамасын берген;</p> <p>Екінші ғылыми нәтиже жаңа, яғни зерттеу авторы бастауыш мектеп оқушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындау нәтижесінде, бастауыш мектеп оқушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру жүйесінің біртұтас құрылымдық үлгісі әзірленген;</p> <p>Үшінші ғылыми нәтиже жаңа, яғни диссертант, Қазақстан Республикасының қайта құрылуы мен жаңғыру үдерісіндегі негізгі міндеттердің бірі – жаңа ұрпақтың бойында салауатты өмір салтын ұстануға қажетті дағдылар мен қозғалыстарды қалыптастыру болып табылатындығын негіздеп, осыған байланысты, бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру үдерісін</p>

		ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	және шетелдік ғылыми көздерге, нормативтік құжаттарға, педагогикалық тәжірибелерге сүйене отырып, деректерді жүйелі талдаудан өткізіп, ғылыми негізді қорытындыларға келген. Өзірленген ғылыми-теориялық ережелер мен эксперименттік жұмыс барысында алынған мәліметтер негізінде жеті тұжырым берілген. Өрбір тұжырым логикалық жағынан дәйекті, зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне толықтай сәйкес келеді және заманауи ғылыми стандарттар мен талаптарға сай келеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Өрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>3) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең;</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p>	<p>7.1 Ереже дәлелденді ме? Қорғауға шығарылған негізгі қағидағар дәлелденген. Ойткені, «Салауатты өмір салтын қалыптастыру», «Бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру» ұғымдары терең зерттеліп, мазмұны мен құрылымы нақтыланған.</p> <p>7.2. Тривиалды ма? Жұмыс тривиалды емес, себебі, бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру мәселесінің зерттелуі жаңа нәтижелермен дәлелденген.</p> <p>7.3 Жаңа ма? Ия. Бұл қағида нәтиже ғылыми әдебиеттерде белгілі бір деңгейде қарастырылғанымен, автор ұсынған интерпретациясы құрылымдық талдауы арқылы жаңа қырынан анылып, жаңашыл элементтерін қамтиды. Сондықтан, бұл нәтижені жаңа деп бағалауға болады, себебі бастауыш мектептің тұтастай педагогикалық үдерісінде білім алушылардың салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруды модельдеу жүйелі түрде зерттеліп отыр.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: Қолдану ауқымы кең. Ойткені, «Бастауыш мектеп оқушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру» атты оқу-әдістемелік құрал, «Саулық сыры» электрондық оқу құралы және «Саулық сыры» атты әдістемелік бағдарламалары.</p>

		<p>1)ия; 2)жоқ 3)бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>элективті курстарды әзірлеуде мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарында нәтижелі пайдалануға болады. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Ия. Зерттеудің негізгі нәтижелері мен қағидалары халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда алыс-жақын шетелдерде және Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарында, Scopus деректер базасында жарық көрген. Зерттеу нәтижелері зерттеу базасында көрсетілген білім беру мекемелерінің педагогикалық үдерісіне ендірілген.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1)ия; 2)жоқ.</p>	<p>Әдіснаманы таңдау – негізделіп, нақты жазылған. автор өз зерттеуінде келесі әдіснамалық ұстанымдар мен тұғырларға негізделген: – «денсаулық», «өмір салты» ұғымдарының философиялық, әлеуметтік, медициналық, психологиялық және педагогикалық тұрғыдан мәнін талдайтын теориялық қағидалар: – салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық идеялар мен әдіснамалық ұстанымдар, тұлға қалыптастыру және дамыту тұжырымдамалары (Н.М. Амосов, И.И. Брехман, Ю.П. Лисицын, Г.П. Царегородцев, В.В. Колбанов); – деонтологиялық тұғыр (М.М. Ермолович, К.М. Левитан, К.М. Кертаева, Л.В. Мардахаев, Л.Т. Рыскелдиева т.б.); – болашақ педагог кадрларды оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайтуға бағыттан даярлау мәселесі М.В. Козуб., К.И. Шишикина., П.О. Тимошенко., В.Б. Иванов., т.б. еңбектерін қолдана отырып негіздеген.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды</p>	<p>Иә, зерттеу барысында ізденуші зерттеу болжамының дұрыстығын анықтау мақсатында өзара толықтырып, байыта түсетін бірқатар әдістер кешенін тиімді қолданған:</p>

	<p>қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді оңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1)ия; 2)жоқ.</p>	<p>– талдау және бағалау әдістері: педагогикалық құжаттарды саралау, білім алушылардың салауатты өмір салтына бейімділік пен тәрбиелік деңгейлерін анықтауға бағытталған диагностика жүргізу;</p> <p>– статистикалық оңдеу тәсілдері: алынған деректерді шкалалау, ранжирлеу, рейтинг беру, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін математикалық және статистикалық тұрғыда талдау сияқты әдістемелер тиімді қолданылған.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1)ия; 2)жоқ.</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген, қалыптастырушы тәжірибе нәтижесінде алынған эксперименттік мәліметтер бастауыш мектеп оқушыларының салауатты өмір салты дағдыларын сыныптаптыс жұмыстар үдерісінде қалыптастырудың дамыған тұтас жүйесінің ерекше практикалық маңыздылығын дәлелдеген. Бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру әдістемесі тәжірибелік тұрғыдан негізделіп, сынақтан өткізілген және олардың нәтижелеріне талдау жасалған. Осылайша тәжірибелік жұмыс эксперименттік сыныптардағы оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру деңгейіндегі оң өзгерістерді анықтауға мүмкіндік берген.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Зерттеу жұмысында маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Оның айғағы зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі бірнеше бағытта қамтамасыз етілген: зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздерінің дәйектілігі; ғылыми аппараттың талаптарға сай құрылуы; кешенді зерттеу әдістерінің (теориялық және эмпирикалық) орынды әрі жүйелі қолданылуы; зерттеу нәтижелерінің оқу үдерісіне</p>

			<p>тәжірибелік түрде енгізілуі; тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың оң нәтижелері; ұсынылған оқу-дістемелік нұсқаулардың тиімділігінің дәлелденуі; ғылыми зерттеу нәтижелері Scopus деректер қорына енген рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланып, халықаралық ғылыми кеңістікте де мойындалған. Бұл диссертациялық жұмыстың ғылыми құндылығын арттырып, оның нәтижелерінің сенімділігін толықтай растайды.</p>
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	<p>Диссертациялық жұмысты орындау нәтижесіндегі пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Ойткені, зерттеу жұмысында пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімі тақырыпқа сай таңдалып, зерттеу мәселесін жеткілікті түрде жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Әдеби шолу бөлімінде қарастырылған еңбектер саны мен мазмұны ғылыми зерттеу үшін жеткілікті және мазмұнды. Сондай-ақ, пайдаланылған дереккөздердің жаңалығы мен ғылыми деңгейі жоғары, халықаралық мәліметтер базасына енетін басылымдардағы жарияланымдарға да сілтемелер жасалған. Бұл зерттеу жұмысының ғылыми тұрғыдан негізделгенін дәлелдейді.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1)бар; 2)жоқ.	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар, ол диссертанттың «өмір салты» және «денсаулық» түсініктерін анықтауда түрлі тұжырымға жасалған талдау барысында олардың өзара байланыста, өзара ықпалдастықта тұратындығын нақтылап, соның негізінде авторлық анықтама жасағаны, яғни «бастауыш мектеп оқушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру – білім алушылардың күнделікті өмірдегі қозғалыс белсенділігіне, психологиялық параларына, тамақ, ұйқы, еңбек және демалыс тәртібін сақтауына, зиянды әдеттерден аулақ болу, денсаулығын</p>


			сақтай білуіне, салауатты өмір салты туралы білімі мен түсінігіне байланысты формалар мен әдістері берілген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1)ия; 2)жоқ.	<i>Диссертацияның практикада қолдану мүмкіндігі жоғары, оған дәлел</i> автордың бастауын сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауын мектеп оқушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру» атты оқу-әдістемелік құралы мен «Саулық сыры» атты электронды оқу құралының әзірленгені және әзірленген жұмыстардың бастауын мектеп және жоғары оқу орындары практикасында қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1)толығымен жаңа; 2)ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3)жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).	<i>Толығымен жаңа</i> , диссертациялық жұмыстың нәтижесінде қорытындылар мен жасалған практикалық ұсыныстар жоғары оқу орындарында болашақ жалпы білім беру мектептері мұғалімдерін дайындауда және білім беру мекемелері қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарында пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1)жоғары; 2)орташа; 3)орташадан төмен; 4)төмен.	«Бастауын мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбында жазылған Жапанова Риза Набиевнаның диссертациялық жұмысының академиялық жазу сапасы жоғары және орындалған диссертациялық жұмысы білім беру кеңістігіндегі маңызды проблемалардың бірін зерттеуге арналған, отандық ғылым мен практикаға өз үлесін қоса алатын еңбек болып саналады.
11.	Диссертацияға ескертулер	Жапанова Риза Набиевнаның диссертациялық зерттеуі бойынша келесідей ескертулер жасалады: 1. Зерттеу жұмысында дефис пен сызықша, тырнақшалар әртүрлі қойылған тұстары кездеседі, алайда ескерту диссертацияның жоғары ғылыми деңгейі мен практикалық құндылығын төмендетпейді.	
12.	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация	Ізденуші докторант диссертациялық зерттеу аясында SCOPUS халықаралық базасына енген ғылыми журналдарда – 2 мақала; Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 5 мақала; шетелдік және отандық халықаралық ғылыми конференциялар	

<p>мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>	<p>материалдарында – 10 мақала: оқу-әдістемелік құрал – 4; электронды оқу-әдістемелік құрал – 1, барлығы 22 мақала жариялаған.</p>
<p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Ереженің 4.10-тармағына сәйкес)</p>	<p>Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің 6D010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Жапанова Риза Набиевнаның «Бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары» атты диссертациялық жұмысы дербес ғылыми зерттеу болып табылады және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелерді беру қағидаларының» қойылатын талаптарына сәйкес келеді. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге және диссертациялық жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығына сүйене отырып, мен, ресми рецензент, диссертациялық жұмысты қорғауға және философия докторы (PhD) дәрежесін беруге ұсынуға болады деп есентеймін.</p>

Ресми рецензент:
философия докторы (PhD)
І. Жансүгіров атындағы
Жетісу университеті



Г.С. Майлыбаева



Г.С. Майлыбаева